



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ



III АРҒЫНБАЕВ
ОҚУЛАРЫ
III АРҒЫНБАЕВСКИЕ
ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ
МАТЕРИАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Көрнекті ғалым-этнограф, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Халел Арғынбаевқа арналған

«ІІІ АРҒЫНБАЕВ ОҚУЛАРЫ.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ

ОНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ РОЛІ» атты

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

13-14 сәуір 2018 ж.



МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

«ІІІ АРҒЫНБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ. СОВРЕМЕННАЯ ЭТНОГРАФИЧЕСКАЯ НАУКА
И ЕЕ РОЛЬ В МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»

13-14 апреля 2018 г.

MATERIALS

of the international scientific and practical conference

"III ARGYNBAYEV READINGS. MODERN SCIENCE OF ETHNOGRAPHY AND ITS ROLE
IN THE MODERNISATION OF THE PUBLIC CONSCIOUSNESS"

April 13-14, 2018

Алматы

«Қазақ университеті»

2018

Танашова А. Н. The role of information technology in contemporary museums	486
Сүйіндікова М.Қ. Сығанақ қаласынан ашық аспан астындағы музей құру мәселелері	489
Жұбатқанова Қ. Ы. Дүкенұлы атындағы Халық музыкалық аспаптар музейінің өткені мен бүгінгі тарихы	493
Бегетай А.Ә. Ортағасырлық Ақтөбе қаласын музейлендіру және сақтау	495
Кусаинова А. Музейдегі әртүрлі жастағы балалармен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық ерекшелігі	498
Боранбай М.-Ә.А. Тарихи-өлкетану бағытындағы қазақстан музейлерінің қалыптасуы мен дамуы	501
Жақсылықова Г. Оңтүстік қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының құрылу тарихы	503
Ашимова Ү.Ә. Музейлік затты зерттеу: кезеңдері мен әдістері (ҚР МОМ тәжірибесінен)	505
Есентаева Т.К. Қазақ тұрмысындағы әйел ерлері	509
Молдабекова Т. XX ғ. 20-30 жж. қазақ театры және Қалыбек Қуанышбаев (фотоқұжаттар қоры негізінде)	514
Жунусова М., Ашимова У., Рахманкулова А. История формирования коллекции казахских браслетов из фондов ЦГМ РК	518
Белтенов Ж.М., Жолдасбаева Д.М. Көне қолжазбалар мен басылымдардың тақырыптық және тілдік классификациясы (ҚР МОМ материалдары негізіндегі жалпымәтіндік сипаттама)	523
Кистаубаева А.К., Жапакова Г.С. Изучение мемориальных комплексов М.Е. Довжика и Ж.Д. Демеева – участников освоения целинных и залежных земель в казахстане (на основе фондовых материалов ЦГМ РК)	531

V СЕКЦИЯ

МЕТОДОЛОГИЯ, МЕТОДЫ ЭТНОГРАФИИ И СМЕЖНЫХ ДИСЦИПЛИН / ЭТНОГРАФИЯНЫҢ ЖӘНЕ АРАЛАС ПӘНДЕРДІҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ, ӘДІСТЕРІ

Қалшабаева Б.К., Иманберлинова Г.А. Қазақ қоғамындағы ұлттық ойындардың жастарды тәрбиелеудегі ролі мен маңызы	538
Тұрғынбаев Е.М., Шагирбаев М.С. Х.А. Арғынбаевтың «Қазақ отбасы» еңбегінің алғашқы қоғам тарихын оқытудағы ғылыми маңызы	541
Шалғынбаева С.Х. «Әлем халықтарының этнографиясы» пәнінің білімдік және тәрбиелік міндеттері	544
Егізбаева М.Қ. «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы бойынша білікті мамандар даярлаудағы музей педагогикасының орны	546
Қозғамбаева Г.Б. Инновациялық оқыту – сапалы білім берудің кепілі	548
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. Музейная практика как важнейшая составляющая в формировании учителя истории (на примере Костанайского областного историко-краеведческого музея)	552
Мусаханова М.З. Роль этнографии в образовательном процессе (из опыта преподавания в КАЗНАИ имени Т.К. Жургенова)	555
Бесетаев Б.Б., Шагирбаев М.С. Археологиялық қазба барысындағы керамикалық бұйымдарды консервациялау әдістері	560
Солтиева Б.Ш. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттің өзіндік жұмысын (сөж) ұйымдастыру мәселелері	563
Сапатаев С.А., Шагирбаев С.А. Далалық күнделік жазу әдісі (археологиялық барлау және қазба жұмыстарының шарттары негізінде)	566
Шәкен Б. Театрландырылған практикалық музей сабақтарының оқушы бойына ұлттық тәрбиені ұялатудағы ролі	569
Досжан Т. Орталық музей қорындағы сырдария тасбекіресі	572

спорт ғылымының дамуына ықпал етеді. Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы – оның шығу, пайда болу ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінде. Ұлттық ойындарымызда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық қасиеттері туралы түсінігі қамтылып, халықтың асыл мұрасын баланың бойына сіңіру қарастырылған. Сондай-ақ спортпен күштілікке ұмтылу, шыдамдылық, төзімділік, сабырлық секілді құндылықтарға мән берілу байқалады. Сонымен қазақтың ойын түрлері тәрбие құралы ретінде ақыл-ойды кеңейтеді, тілді қалыптастырады, сөздік қорды байытады, жақсы ұғысады және өзінің денсаулығын нығайтады.

Әдебиеттер:

1. Диваев А. Игры киргизских детей // Этнографические материалы. Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. – 1905. – Вып. XII. – С. 1-32.
2. Диваев Ә. Как киргизы развлекают детей // Этнографическое обозрение. – 1908. – № 1/2. – С. 150.
3. Алекторов А. О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей. – Оренбург, 1891. – 24 с.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
5. Гуннер М. Сборник казахских национальных игр и развлечений. – Алма-Ата, 1938. – 96 с.
6. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар, 1994. – 144 б.
7. Сухомлинский В.А. О воспитании. – 6-е изд. – М.: Политиздат, 1988. – 269 с.
8. <http://alashainasy.kz/ultsport/kazaktyin-ulttyik-oyyindaryi-68402>
9. Таникеев М. Казахские национальные виды спорта и игры. – Алматы: КазГосИздат, 1957. – 96 с.
10. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану. – Алматы: Рауан, 1993. – 63 б.
11. Бүркітбаев Ә. Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні. – Алматы, 1998.
12. Балғымбаев М. Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері. – Алматы, 1985. – 86 б.
13. Усова А. Роль игры в воспитании детей. – М.: Просвещение, 1976. – 96 с.

Е.М. Тұрғынбаев

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, т.ғ.к.

Шагирбаев М.С.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы (Алматы қ.)

Х.А. АРҒЫНБАЕВТЫҢ «ҚАЗАҚ ОТБАСЫ» ЕҢБЕГІНІҢ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМ ТАРИХЫН ОҚЫТУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МАҢЫЗЫ

Алғашқы қауымдық қоғамдағы туыстық қарым-қатынас, некелік қарым-қатынастың өзіндік ерекшеліктері болғанын, бүгінде біз әлемнің әр түкпірінде өмір сүретін халықтардың отбасылық өмірлерінің мысалынан көре аламыз. Жоғары оқу орындарында оқытылатын «Алғашқы қауымдық қоғам тарихы» пәнінде отбасылық өмір, туыстық қарым-қатынас және некелік қарым-қатынастың белгілі заңдылықтары ортақ терминдерге негізделіп, сөздік түрінде берілген. Бірақ, студенттерге аталған пәнді оқытуда, бүгінгі күнгі отбасылық және туыстық қарым-қатынастардың мысалы негізінде қарау өте маңызды. Аталған пәнде некелік және туыстық қарым-қатынаспен тығыз байланысты жиі қолданылатын терминдер: *авункулат*, *адопция*, *амбилокальды*, *гипогамия*, *левират*, *полигиния*, *сорорат*, *экзогамия*, *эндогамия* және т.б.

Мақала барысында жоғарыда келтірілген терминдердің мәні мен бүгінгі қоғамдағы жұрнақтарының көрініс беруі Х.Арғынбаевтың еңбектері негізінде талданады. Кейбір терминдер өзара жақын болғандықтан, жеке тоқталмай, қосылып, біріктірілген түрінде қарастырылады.

Авункулат – жігіттің шешесінің бауырларымен ерекше қарым-қатынас байланыстылығын білдіретін тәртіптер жиынтығы. Осының негізінде алғашқы қауымдық қоғамда аналық туыстық жүйеден аталық туыстық жүйеге өту кезеңі тікелей емес, өзіндік өтпелі формалар негізінде жүзеге асқанын көруге болады. Алғашқы қауымдық қоғамда отбасылық қарым-қатынас жаңа формаға көшуде өзіндік ерекшеліктер негізінде іске асуы заңды жағдай. АҚҚ (алғашқы қауымдық қоғам) матрилокальдық немесе укросилокальдық тәртіп патрилокальдық пішінге ауысқанда, авункулаттық қатынас орын алды. Яғни басқа руға тұрмысқа шыққан әйелдің аға-інілері жиендерін қолдарына алып бағып-қағып өсіруі жиі қолданыста болды. Бұл қоғамға *авункулаттық отбасы* ұғымын алып келді. Сонымен қатар, алғашқы қауымдық қоғамда отбасындағы мұрагерлік әйелдің інісінің балаларына немесе бауырларына қалдырылған.

Х.Арғынбаев өз зерттеулерінде бұл мәселеге ерекше назар аударып, бүгінгі қазақ қоғамындағы туыстық қарым-қатынастың көне дәуірдегі туыстық қарым-қатынаспен өзара сабақтастық бар екендігін айтып өткен [1, 14 б.].

Қазақ отбасында әдетте жиен нағашы ағаларына жақын келеді. Жиен нағашыларына батымдау болады. Мәселен, халық дәстүрі бойынша нағашы жиеніне «қырық серкеш беруі керек» деген мәтел